Ел болашағы -білімді жастардың қолында. Бәсекеге барынша қабілетті отыз елдің қатарына енуге ұмтылған Қазақстанда жас ұрпақтың сапалы білім алуы үшін барлық жағдай жасалған. Бүгінгі бәсекеге қабілеттілікті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң –мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, отаншыл азамат етіп тәрбиелеуде біздің колледжіміз де өз үлесін қосып келеді. Колледж ұстаздар қауымының негізгі мақсаты: бүгінгі ұрпақ –еліміздің болашағын–қазіргі қоғам мұратына сай жан –жақты жарасымды тұлға етіп өсіру. Өйткені, бүгінде жан-жақты білімді болу, білім бәсекесіне қабілетті болу - ол заман талабы.

Магистр Ағзамова М., профессор Көкшеева З.Т.,
Ш.Есенов ат.КТИУ, Ақтау-Қазақстан

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Математика бойынша оқу қызметі барысында оқыту, оқытудың жалпы дидактикалық принциптерін ескере отырып жүйелі түрде жүзеге асады. Оқыту білім беру ғана емес, танымдық процестері мен ақыл-ой қабілетін қалыптастыратын екі жақты процесс. Оқыту барысында бала білімді меңгереді, білімді меңгеру процесі барысында баланың ойы, белсенділігі дамуы қажет. Белгілі бір өзара қарым-қатынас орнауы тиіс. Дидактика – бұл ежелгі грек сөзі, яғни *didaktikos* - үйретуші, *didaskalos* – тәрбиеші, педагог деген ұғымды білдіреді.

Математика негіздері оқу қызметінде педагог оқытудың сан алуан әдіс-тәсілдерін қолданады. Яғни практикалық, көрнекілік, сөздік және ойын әдістерін таңдауда түрлі факторлар әсер етеді. Сол кезеңде шешілетін бағдарлама міндеттері балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылу қажет. Математика негіздерін қалыптастыру 4 түрлі міндеттерді анықтайды:

Заңдылықтарды анықтау, яғни бірізділік, кезектесу, өзара байланыс, тәуелділік;

Таным тәсілдерінде санауды, салыстыруды қолдану;

Өзгеруді таба білу қабілет, модельдеу қабілеті;

Шығармашылық, абстракциялай білу және ынталылық;

Өз бетінше танымдық әрекетке қойылатын талаптар:

Белгілі бір ортаны жасау;

Балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке ерекшеліктеріне қарай, әр кезеңде әрекет түріне белгілі бір жетекшілік стилін қолдану;

Жұмыс формаларының сан алуандылығы, яғни жеке және топпен жұмыс, балабақшадағы және үйдегі жұмыс.

Бастауышта балаларды заттың көлемімен таныстыру - сенсорлық және ақыл-ой тәрбиесінің міндеттерінің бірі болып табылады. Балада көлем туралы

қарапайым түсінік қалыптасу үшін оның қоршаған өмірі туралы нақты түсінігі болу керек. Мұндай тәжірбие оның түрлі көрнекіліктермен, ойыншықтармен, заттармен қарым-қатынас барысында қалыптасады. Үлкендердің іс-әрекетін бақылап отырып, балалар өлшеу ұғымымен танысады. Үлкендердің еңбегін қайталауда „Ателье“, „Маталар дүкені“, „Азық-түлік дүкені“ сюжетті-рөлдік ойындарды ойнауда өлшем ұғымдары дамиды.

Заттың салмағы (масса) туралы түсінік қалыптастыру оқу қызметінде, күнделікті өмірде жүзеге асырылады. Дағды, икемділіктерді ойын барысында, балалармен әңгімелесу барысында, жаттығулар жүргізу барысында қалыптастырады. Ойын міндеттері: салмағы бірдей затты табу, кірпіштерді салыстыру, жұбын тап деген сияқты ойын міндеттері қойылады. Оқу қызметінде әр балаланың белсенділігін арттыру керек. Заттың салмағымен таныстыруда барлық құрамы бірдей заттар алу керек (кубиктар, кірпіштер, матрешкалар, көкөністер т.с.с.) Алдымен мұғалім бұл екі заттың түсін, өлшемін, пішінін салыстыру жүргізеді. Енді салмағы бойынша салыстыру жүргізіледі. Ауыр ма? Жеңіл ме? Келесі оқу қызметінде күрделене түседі. Ол үшін салмағы бірдей, бірақ түсі әр-түрлі немесе түсі бірдей, салмағы әр-түрлі заттар алынады. Салыстыруды міндетті түрде жалпылаумен аяқтау керек.

Адамның кеңістікте бағдарлаудың мәселесі әрі кең әрі көп қырлы. Психолог-педагогтардың зерттеулері кеңістік өте ерте басталып деп отыр, алайда ол нәрсенің сапасын айырудан гөрі анағұрлым күрделі процесс болып табылады. Кеңістікте түсініктерді және кеңістікте бағдарлауды қалыптастыруда көптеген анализаторлар қатысады (кинестетикалық, иіс сезу, сипап сезу, көріп білу, есту, иіс сезу). Алайда бірінші сынып балаларларында кинестетикалық және көру анализаторлардың атқаратын ролі ерекше.

Кеңістік бағдарлануының дамуымен бірге қабылданатын кеңістік бейнелену сипаты да жетіле түседі. Алғашқы кезде бала өзінің алдыңғы жағында, артқы жағында, оң жағында, сол жағында орналасқан объект деп оның өз денесіне тиіп тұрған немесе аса жақын тұрғандарды атайды. Бала бағдарланатын жер бас кезінде тым шектеулі болады.

Қоршаған заттардың ең бір қасиеті олардың формасы болып табылады. Зат формасы геометриялық пішіндерде жалпыланған бейнені алады. Геометриялық пішіндер эталон болып табылады, оларды қолдана отырып, адамдар заттың формасымен оның бөліктерін анықтайды.

Дидактикалық ойындардың түрлері көптеген өткен уақыттың зерттеушілері мен қазіргі ойынды классификацияламақшы болған Ф.Фребель ойындарды пайдалы және әсем «ішкі мағынасы бар» деп бөлген. Ол ойындарды «жеке балаларға», «серіктестікке» мүшеледі; ақырғысына жарыс –ойындары қатысты болды. Дидактикалық ойынды классификациялау мәселесі психологтарды және педагогтарды, әдіскерлерді қызықтырды.

Ойындарды класстарға бөлу бұрыннан жасалып келсе де, дидактикада әлі де дидактикалық ойындарға ортақ ғылыми негізделген сарыптау жоқ, оның себебін барлық зерттеушілер өздерінің жүйесін ұсынған, әр түрлі негізде жүргізілген бірнеше сараптаулар белгілі. Кейбіреулер түп негізгі ретінде дидактикалық ойынды оқыту процесінде кіргізу орын алады және белгілі бір дағдыны, қабілетті қайта жасау үшін ойын элементтерінің ролын көрсетеді (Л.И. Смагина , А.В. Трускавец), басқалары сараптаудың негізін іс-әрекеттің мотивін есептейді (Н.И.Гамбург), үшіншілері –нақты пәндерді оқудағы дидактикалық ойынның атқаратын функциялары (А.А.Баранов, Г.А. Ляпина, М.В. Стронин). Ф.И.Фрадкина ойынды үш топқа бөледі:

1. фобульді элемент кіретін –кроссвордтар, ребустар, викториналар жатады.
2. бірінші жоспаға өзін бағалау мотиві, интеллектуалды күй салуға қызығушылық жатады.
3. іс-әрекеттің мотиві іс-әрекет процесінде емес, бірінші болуда жатқан ойындар құрайды.

Л.И.Смагина мен А.В.Трусковец ойындарды; ойын –минут, ойын – эпизод, ойын –оқу қызметі дей келе, ойын кезінде құралып жатқан дағды тұрғысынан негізгі төрт топты бөлген: лексикалық, граматикалық, фанетикалық және сөздік ойындар.

А.А.Баранов, Г.А. Ляпина, М.В. Стронин және т.б. сараптаудың негізі ретінде оқыту процесінде дидактикалық ойынмен орындалатын функцияларды қабылдайды. Осылай Г.А. Ляпина оқу процесінде қолданылатын ойындарды дидактикалық және сюжеттік деп бөледі.

М.В. Стронин дидактикалық ойынды екі топқа бөледі. Бірінші бөлімді, дайындық ойындары құрайды, екіншісі –творчестволық. Шығармашылық ойындар білімділік пен сөйлеу дағдыларының дамуына көмектеседі.

Ойын–баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән–мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Грузин педагогы Ш.А.Амонашвили ойын арқылы балаларға өте қиын әлемдік танымды түсіндіре білді. Ойын арқылы оқытудың арқасында дидактикалық ойын пайда болды, оның маңыздылығы–бұл балалардың ойлауы мен сөйлеу белсенділігін, өздігінен әрекет ету дағдыларын дамытады.

Дидактикалық ойындар технологиясы –бұл проблемалық оқытудың нақты технологиясы. Бұл жағдайда ойынның оқу қызметі үлкен сапаға ие: онда ақпарат сырттан түспейді, ішкі дүниенің, қызметтің өз нәтижесі, сондықтан танымдық қызмет өз бетінше қозғалысты білдіреді. Осындай жолмен алынған ақпарат оқытудың соңғы тәжірибесіне жниткенше, өзінің соңынан келесі буында ілестіретін жаңасын туғызады: бұл процес шартты түрде келесі кезеңдерге жіктеледі:өз бетінше оқуға дайындау; басты міндеттерді белгілеу; объектінің имитациялық моделін таңдау; соның негізінде талаптарда шешу; тексеру, түзету; қабылданған шешімді жүзеге асыру; оның бағаларын белгілеу; алынған қорытындыны талдау және бар тәжірибе арқылы жинақтау.

Дидактикалық ойындар оқыту әдісі ретінде өзін оқыту процесін белсенділігін арттыратын, үлкен әлеуметтік мүмкіндіктерді жинақтаған. Сонымен қатар, мектеп практикасыжәне өткізілген эксперименттердің нәтижесі көрсеткендей дидактикалық ойындар оқытуда оларды дәстүрлі әдістермен ауыстырушысы ретінде емес, мол қор жинақтайтын фактор ретінде пайдаланған жағдайда ғана оң нәтижеге ие болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұржігітова Г. Оқыту әдістеріндегі сабақтастық //Ұлағат.- 2005. -№1.– Б.91.
2. Абдрахманова А., Молдабек Қ., Қойшыбаева Н., Жунисбекова Ж. Особенности применения развивающих игр на уроках математики в начальной школе.- Шымкент, 1999. -Б.128.
3. Пентегова Г.А. Развитие логического мышления на уроках математики //Начальная школа. – 2000.- №11.–С.74.

Ниязмағамбетова Баян Қорғанқызы

“№2 мектеп-гимназия” КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ерімбетова Инабат Сұлтанқызы

“№2 мектеп-гимназия” КММ, 7-сынып оқушысы

Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы (Қазақстан)

АДАМГЕРШІЛІК АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ЕҢ ҚҰНДЫ ҚАСИЕТ: Б.СОҚПАҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІМЕН ҮНДЕСТІГІ

Адамгершілігі жоғары немесе төмен адам деген ұғымды атам қазақ өзіне ар санаған. Қазіргі кездегі елімізді толғандыратын мәселелердің бірі жастарды адамгершілікке, әдептілікке, адалдыққа, имандылыққа баулу. Қазақ даласында қазіргі психология ғылымы тұрғысынан, бірінші болып Абай «адам» деген ұғымға анықтама берген. Адам – ұғымы – педагогика мен психология ғылымында негізгі пәндік ұғым. Абай түсінігіндегі «адам – ақылдылық пен еңбек сүйіспеншіліктің, әділдік пен білімділіктің, махаббат пен адалдықтың, адамгершіліктің жиынтығы». Тек осы қасиеттерді бойына сіңірген кісі ғана – нағыз Адам деп ойлаймын. Орыстың ұлы педагог ғалымы К. Д. Ушинский де өзінің басты еңбегін адамға арнаған. «Адам тәрбие пәні қақында» осы тұрғыдан Абайдың ойлары, пікірлері орыс ғалымдарымен үндес келеді. Абайдың адамгершілік идеалы, мұраты, принципі – қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым. Адам болу – кісіліктің кісісі, шын мәнінде азамат болу, қара бастың қамы, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін-өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адам болу. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді. Жастардың мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген.

Абай қазақтың демократ ақыны, ұлы ойшыл, философы. Ол қазақ тілінің мәйегінен көптеген өлеңдер мен дастандар сондай-ақ, басқа да философиялық шығармалар жазды. Абайды Абай еткен, асыл сөзімен өлең етіп ұйытып, жүрегіне жыр болып байланған қасиеті – өмірден әділет, мейірім, сенім, адалдық іздеу барысында тапқан танымдық олжалары, санасын сарғайтып барып көзін

ашқан тұжырым тоғыстары өлең арқылы өріліп жатыр. Абай өлеңдерінің тақырыбы жан-жақты әлеуметтік аясы кең. Өлеңдері халықты өнерге, білімге, ғылымға шақырады, әрі жанға жайлы, жүрекке жылы тиетін махаббат өлеңдері болып келеді. Сондықтан Абай өлеңдері XIX ғасырдағы «қазақ қоғамының айнасы» деп те аталады.

Бердібек Соқпақбаев шығармалары балалар әдебиетіне негізделген. Өзінің басынан өткен оқиғаларды «Менің атым Қожа» шығармасы арқылы жеткізіп берді. Сол шығарманы бала біткен кино арқылы көріп, көңіліне түйді. Ол шығармадағы Қожаға мінездеме беретін болсақ, ол аңғал, ақкөңіл, елгезек, көңілшек бала. Сол мінезімен көптеген сәтсіздіктерге ұрынды. Осы шығармадан түйген ой Қожа сияқты арамза Жантасқа немесе өзінің болашағына мақсат қоймайтын досы Сұлтанға еріп босқа өткізген уақыттарын, ата-ана, дос, сыныптастары мен Майханованың назарына түсіп, сыйын кетіру бұл Абай өлеңіндегі «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген оймен сабақтас келеді. Осы өлеңдердегі негізгі ойды анықтай келе, адам өміріндегі келеңсіз жағдайлар адам мінез-құлқына байланысты. Адам балалық, жастық шақта көп қателіктер жібереді. Өскенде содан сабақ алатындар көптеп кездеседі. Осы шығарманы оқу арқылы мен адамгершілік қасиеттердің адам бойына қоршаған орта, қоғамда болып жатқан жағдайлар мен бірге отбасындағы тәрбиенің әсерінен болатыны байқалады. Ондайларға жол бермеу үшін ұлы адамдардың еңбектерін оқып, ой түйу керек.

Б.Соқпақбаевтың шығармаларын оқи отырып, балалық шақтың қызығы мен шыжығын, қайғысы мен қуанышын, мұңы мен әзілге толы күндерін өз көзіммен көріп куә болғандаймыз. Мысалы, Боданның қылығына қатты қапаландырады. Осы әңгімені оқып отырып, Абайдың «Сабырсыз, арыс, еріншек» өлеңі еске түседі. «...көрсеқызар, жалмауыз,Алтыбақан ала ауыз,.....өзін-өзі күндейді, Жақынын жалған мендейді, Ол – арысдык белгісі» деген сөзі дәл осындай адамдар үшін айтылған. Осы өлеңді оқыған әрбір қазақ баласы жамандыққа бармайды деп ойлаймыз.

Абай Құнанбаевтың «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңі Б.Соқпақбаевтың «Компас» шығармасымен де ұштасады. «Компас» шығармасындағы Боданның ісі «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңіндегі сөздермен байланысы бар. Себебі, бұл өлеңде досың да, дұшпаның да ұрлайды, ендігі жұрттың сөзі – ұрлық, сөзді ұғарлық жан көрмеді, осы күнде

мейір қанатындай, мәз болып қуанарлық ештеңе жоқтығын айтады. Боданның ісі – ұрлық көрсе қызарлық.

Тағы да Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі Боданның ісіне арнап шығарғандай. Себебі, бұл өлеңде көрсеқызарлық туралы айтады.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,

Көрсеқызар, жалмауыз.

Сорлы қазақ сол үшін,

Алтыбақан ала ауыз...

А.Құнанбаевтың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» шығармасымен ұштасады. Себебі, Сұлтан Қожаны балық аулауға шақырады. Бұл ісі Қожаға әсер етті. Қожа сабағын кеш келген соң оқымады. Сабаққа келгенде ол ыңғайсыз жағдайға тап болды. Қожа мектеп кезінде мүмкіндіктерді жіберіп алды. Оқуға деген ынтасын сыртта болып жатқан азғыру мен қызықтыру сияқты сырт адамдардың кесірінен түсірді. Бұл жерде Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңімен ұштасады. Себебі, Қожаның жақсы оқушы болуға мүмкіншіліктері бар еді. Осының бәрінің кесірінен Қожа мүмкіншіліктерін жіберіп алды.

Негізгі ой уақытында босқа жүрме оқу оқы. Ол сәт қайтып келмейді. Уақытыңды ысырап етпе деген. Ержеткен соң саған бұл мүмкіндіктер қайтып келмейді. Біреудің ықпалына еріп, өз басыңа жетерлік білімнен немесе мүмкіндіктен құр қалған Қожаның істеріне қарап отырып «Қап, әттеген-ай Қожаға бір мүмкіндік берсе ғой» деген ой келді. Бірақ ол кез қайтып келмейтін кез еді. Абай өлеңдерін оқып отырып, маған неше түрлі ой келді.

Марат Қабанбай: «Әрбір шығарманың тууының өмірге келуінің себептерін іздеген жағдаятта, оның авторының қилы-қилы қам-қаракеті, тағдыр-тәлейі болатыны зерттеу еңбектерінде сөз етілетіні болмаса, былайғы жерде ауызға алынбай, тіпті елеусіз қалатыны да шындық. Дұрысы – қаламгерлік игілікке мін түсірмей, тіршіліктің аумалы-төкпелі толқындарында да сыр бермей, өз еңбегінен үлгі мен сенім тапқан қаламының балы бар, жазушының мазасын алмау, азаматтық парызды өтеп отыру. Біз қадірлейтін адамгершіліктің үлкен үлгісі, міне, осы».

Сайын Мұратбеков: «...Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден-бекер шимайламайтын еді ғой. Жазады – түбін

түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән нәрсе. Нақтылы жазу, ұтымды жазу Бердібектің үлгісі деп тартынбай-ақ айтуға әбден болады. Жоқтан бар етпеген қаламгер. Шындықтың алдына бас имейтін не нәрсе бар? Осындай шырай Бердібек қаламынан шыққан шығармалардың баршасына тән. Оның туындыларының електен өткен дүниедей болып мөлдіреп тұратыны сондықтан. Оның шығармаларының оқырман жүрегіне қона кететін, ұзақ жасайтын қасиет – қадірі де осында!... Бердібек туындыларындағы геройлар өмірдегі бар қалпында көрініп, шығармаға ширатылған сәтте де соншалықты киіндірілмей, жалаңаш жүрген жандар тәрізді боп көзге түсетіні де ғажап емес. Бұл жазушының кемшілігіне қарадүрсінділігіне жатпайды. Сезінуі, дүние қызықтарын түйсініп, қабылдауының қыры бұл. Осы тұрғыда, табиғи өлшеммен түзілген геройлар галереясы барынша сенімді, барынша шыншыл сымбатымен оқырман жүргенінен жол тауып, олармен қолтықтасып өмір базарында жүргендей болады».

Сөз соңында Абай Құнанбаевтың адамгершілік мәселесіндегі өлеңдері мен қара сөздері барлық адамзаттың тәрбиесінің қаймағы болатынына сенеміз. Абайды оқыған әр қазақ баласы өзінің болашағын тәрбиелі ұрпақ, саналы азамат, ұлы тұлға етіп тәрбиелейтіні қажет. Бердібек Соқпақбаевтың шығармасын оқуға шақыра отырып, балалық шағымызды бақытты өткізіп, қашанда ұрпағымыздың тәрбиесімен мақтанатын ел болайық дегіміз келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Абай. Книга слов. -Алма-Ата: Жазушы, 1992. – 90 с.
2. Абай. Таңдамалы шығармалары.-Алматы: Ғылым, 1968.-Т.-2.- 734 б.
3. Абаева А. Балалар әдебиетінің бәйтерегі // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 1995. № 6.- 103-105 б.
4. Адаева Е. Талғампаз жазушы: [Б. Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі туралы] // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 1998.- №7.-8.- 67-69 б.
5. Адаева Е. Өмір шындығы және көркем образ: [Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығы туралы] // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2001.- № 4.- 33-36 б.
6. Ақиқаттан айнымаған қалам // Жас алаш.-1994.- 2 маусым
7. Әлдибекұлы Ш. Әлі де тірі жүргендей // Ақ желкен.-2004.-№4.- 6 б.

Пулиновская Олеся Александровна.

Учитель начальных классов

КГУ "Пролетарская начальная школа"

РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ИГРЫ И ЗАДАЧИ

В обществе среди опытных учителей рождается множество идей и взглядов. С раннего возраста на ребенка воздействует различная информация со всех сторон. Усвоение этой информации важно для интеллектуального развития ребенка, что является основой регулирования его действий, принятия решений, определения добра и зла. Среди них осуществляется исследовательская деятельность, посвященная детскому мышлению, творческие игры, работа с детьми на основе блочных технологий Дьенеш.

В методической и научно-популярной литературе этот материал можно встретить под разными названиями, а именно: логические формы, логические кубы, логические блоки. Но в каждом из этих названий развитие логического мышления направление указано четкая работа с детьми в детских садах и школах. В новой практике используются два вида логико-дидактического материала: объемный и плавный.

Каждый из этих типов имеет свое название. Объемный логический материал представлен логическими блоками, плоский – логическими формами. Логические блоки изобрел венгерский психолог-математик Золтан Дьенеш.

Детей учат различать предметы, играя с кубиками, показывая им цвет, форму, размер и толщину предметов.

Это незаменимый инструмент для освоения основных понятий уроков и математики.

Он развивает мыслительную деятельность детей (анализ, сравнение, прогнозирование, обобщение), логическое мышление, творческие способности и познавательные способности (рецепция, память, протест, воображение) улучшается. Играя с кубиками Дьенеша, ребенок выполняет различные двигательные действия (разделение, размещение, передислокация и т.д.). Блоки Дьенеша предназначены для детей от трех лет и старшего возраста.

Проблема развития познавательных способностей дошкольников является одной из актуальных проблем педагогики.

Актуальность опыта в повседневной жизни дошкольников и на уроках подходит для изучения логического мышления и познавательных интересов.

Осуществление грамотного целостного педагогического процесса, создающего оптимальные условия для развития способностей логического мышления детей.

Дети дошкольного возраста проявляют высокую познавательную активность, задают взрослым много вопросов об окружающем мире. Изучая предметы, их особенности и свойства, дети используют разнообразную исследовательскую деятельность: умеют группировать предметы по цвету, форме и размеру, направлению использования и количеству; может образовывать целое из 4-6 частей; учится считать.

Перед педагогами стоит следующая задача: развивать у детей умственные способности, логическое мышление и умение дискутировать и доказывать свое мнение.

Логическое мышление – это не врождённый талант, его необходимо развивать. Существует много способов, позволяющих делать это с удовольствием. Перечислим лишь некоторые из них:

- **Логические задачи.** Многие задачки на логику придуманы тысячи лет назад, но актуальны до сих пор. Зачастую они сформулированы забавно, так что искать остроумные ответы на них весело и увлекательно. Множество таких задач легко найти в интернете.
- **Интеллектуальные игры.** Игра для детей – способ познания мира. Играя с ребёнком в домино, шашки, шахматы, точки, эрудит и даже просто в слова, вы не только весело проводите время, но и развиваете мышление ребёнка.
- **Головоломки.** Специализированные магазины предлагают ассортимент «игр для ума» на любой вкус и возраст – всевозможные лабиринты, пазлы, кубики Рубика и целые научно-исследовательские наборы. Во многих городах работают кружки любителей головоломок, где дети учатся их разгадывать и соревнуются в искусстве решения.
- **Развивающие сервисы.** В Сети существуют специальные платформы, на которых собраны различные задачи на развитие логики у детей. Процесс их решения напоминает игру с разными уровнями сложности.
- **Компьютерные игры.** Вопреки распространённому убеждению, далеко не все они пустая трата времени. В интернете найдётся огромное количество игр на развитие логики – от простейших «Тетриса» и «Лайнс» до «Майнкрафта» с его неисчислимыми возможностями.
- Мышление младшего школьника переживает переломный этап. Ещё недавно оно основывалось только на собственном опыте и ощущениях от окружающего мира. Но осваивая азы школьной программы, ребёнок учится не просто читать и писать, а соотносить символы со значениями и оперировать абстрактными единицами. Чтобы помочь ему освоиться в мире букв и чисел, важно уделить внимание развитию логического мышления уже с 1 класса.
- Прежде всего важно научить ребёнка наблюдательности: какими свойствами обладают те или иные предметы? Что в них общего? В чём различия? В процессе размышления над этим он получит представление о закономерностях, научится анализировать, сравнивать и обобщать.

• Из классических настольных игр подойдёт домино. Эта игра учит быстро считать и принимать решения, предугадывая последствия. А также позволяет наглядно увидеть принцип логической цепочки.

Развивать логическое мышление это значит учиться:

- сравнивать наблюдаемые предметы, находить в них общие свойства и различия;
- выделять существенные свойства предметов и абстрагировать их от второстепенных, несущественных;
- находить в предмете составные части в целях познания каждой составной части и соединять эти части в одно целое, познавая при этом предмет как единое целое;
- делать правильные выводы из наблюдений или фактов, проверять эти выводы; обобщать факты;
- убедительно доказывать истинность своих суждений и опровергать ложные умозаключения;
- излагались мысли определенно, последовательно, непротиворечиво и обоснованно.

Учащиеся должны овладеть элементами логических действий, поэтому одной из важнейших задач является развитие самостоятельной логики мышления и, в конечном итоге, самостоятельное приобретение знаний.

Целенаправленная работа по развитию логического мышления младших школьников должна носить системный характер. Результативность процесса зависит от способа организации специальной развивающей работы.

Основная работа для развития логического мышления основана на работе с задачами. Ведь в любой задаче заложены большие возможности для развития логического мышления.

Наибольший эффект при этом может быть достигнут в результате применения разных форм работы над задачами:

1. Работа над решенной задачей. Многие ученики только после повторного анализа осознают план решения задачи;
2. Решение задач разными способами. Нахождение другого способа решения сыграет большую роль в будущем при решении подобных задач;
3. Представление ситуации, описанной в задаче (нарисовать «картинку»). Нужно обратить внимание учащихся на детали, которых нужно обязательно представить, а которые можно опустить. Моделирование ситуации с помощью чертежа, рисунка.

Нестандартные задачи требуют повышенного внимания к анализу условия и построения цепочки взаимосвязанных логических рассуждений. Использование таких задач расширяет кругозор младших школьников, способствует развитию логики и даже способно привить интерес ребенка к изучению «классической» математики и других школьных предметов из разряда точных наук.

За родителите и учителите право выбирать пути развития логического мышления ребенка, которое является основой для дальнейшего изучения понятий и для осознания закономерностей в различных интерпретациях, т.е. является основой для преемственности между начальной и средней школой.

ПСИХОЛОГИЯ И СОЦИОЛОГИЯ

Обща психология

Назханова Лаззат Кузекевна

*Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші*

ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Бүгінгі таңда алдымызда тұрған міндет – мектеп оқушыларына қазірден бастап-ақ өз болашағын құруға, өзін-өзі дамытып, өзгертіп, қалыптастыратын адамға айналуға мүмкіндік жасау.

Педагогика тарихында оқу мен тәрбиені тығыз байланысты қарастыруды көздейтін үрдіс қалыптасқан. Көптеген ғалымдар оқыту белгілі бір мазмұнды меңгертуді көздейді, сол арқылы жеке тұлғаны қалыптастырады деп атап көрсетеді. Баланың дүниетанымын, өнегелілік ұстанымдарын қалыптастыру әлем туралы, әлеуметтік нормалар туралы білім жүйесін меңгеруді, осы білімді қолдана білуге үйретіп, біртұтас көзқарас қалыптастыруды көздейді. Оқу мен тәрбие арасындағы байланыс бір жақты емес. Белгілі бір жағдайларда білім адамның тәрбиелілігіне қалай әсер ететін болса, сол сияқты тәрбиелілік деңгейі де баланың тиімді оқуына, оқуының сапасына ықпал етеді. Оқу оқушының ынтасына негізделе отырып, өз кезегінде ол ынтаны дамытып, тереңдетеді. И. Лернер атап көрсеткендей, оқу мен тәрбие оқушылардың білім мен білікті, шығармашылық пен эмоциялық тәрбиені игеруді көздейтін біртұтас үдеріс болып табылады.

Гуманистік педагогиканың басты ұғымдары «адамның маңызға ие болуы», «тұлғалық өсуі», «дамытушы көмек» болып табылады. Әрбір адам біртұтас, қайталанбайтын тұлға болып табылады. Жеке тұлғаның мінез-құлқы бихевиоризм қағидаларында айтылғандай, сыртқы ортадан келіп түсетін қосымша әрекеттермен анықталмайды, адамның маңызға ие болуына – өзінің табиғи қабілеттерін дамытуға, өзінің өмірлік жолы мен мәнін іздеуге деген табиғи ұмтылысымен анықталады. Жеке тұлға оң іс-әрекетке және

ынтымақтастыққа бағытталуымен және ұмтылысымен ерекшеленетін күрделі дербес жүйе ретінде қарастырылады.

Роджерстің пікірінше, педагог адамның проблемаларын шешуде оның өз күштерін іске қосу қажет. Оған дайын шешімді таңбау керек, тұлғалық өсу мен өзгерістерді іске асыру үшін оның өзінің шексіз мүмкіндіктеріне түрткі салу керек. *Оқу мен тәрбиенің мақсаты* білімнің, фактілердің, теориялардың және т.б. жиынтығын меңгеру емес, өз бетінше оқу нәтижесінде оқушының жеке тұлғасының өзгеруі болуы тиіс. Мектеп пен тәрбиенің міндеті – жеке тұлғаның дамуына, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беру, дербестігіне қол жеткізуге, адамның маңызға ие болуына ықпал ету. Жай ғана фактілерді жинақтау емес, оқушының, оның мінез-құлқының, оның Ментұжырымдамасының өзгеруіне мүмкіндік беретін, оқушының қызығушылығын тудыратын оқуды К. Роджерс *«адам үшін маңызды оқу»* деп атаған және ол тек осындай болуы тиіс деп есептеген.

Педагог маңызды оқуды меңгеруге көмекші және ынталандырушысы рөлін атқарады, оқушының психологиялық жайлы ахуалы мен еркіндігін қамтамасыз етеді, яғни оқытуда басты назар оқу пәніне емес, оқушыға аударылуы тиіс. Тәрбиелеуші гуманистік педагогика шеңберінде оқушыларға талдауға арналған материал ұсынып, адамгершілік тұрғыдан таңдау жасай алуына түрткі болуы қажет. Тәрбие әдістері пікірсайыс, рөлдік ойындар, жағдайды талқылау, дау-дамайды талдау және шешу болып табылады. Атааналар мен педагогтер үшін гуманистік мектептің ғалымдары баламен қарым-қатынаста мынадай тәсілдерді ұсынады: Мен-пікірін айту, белсенді тыңдау, балаға деген шүбәсіз махаббат, оқушыға оң көзқарас, көз арқылы байланыс, физикалық байланыс.

Соңғы жылдары психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориясы мен практикасының жіті дамуы білім беру мақсаты туралы ұсынымды кеңейтуге байланысты болды. Бұл мақсатқа тәрбиелеу, дамыту мақсаттары, бала денсаулығын физикалық, психологиялық, психикалық, рухани және әлеуметтік қамтамасыз ету енеді.

Қолдаудың негізі келесі ұстанымдардан болады:

1. Ізгілендіру - бала мүмкіндігіне сенуге болжанған.
2. Жүйелі тәсіл – біртұтас жүйе ретінде адам түсінігіне негізделген.
3. Кешенді тәсіл- бала дамуын қолдауға бағытталған.

4. Баланың жеке мүмкіндігіне, оның даму қарқынына сәйкес қолдаудың мазмұнын, формаларын және тәсілдерін болжайтын баланың жеке және жас ерекшеліктерінің есебі.

5. Білім беру үдерісінде баланы қолдаудың үздіксіздігі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – бұл мектепалды даярлық үдерісінде әрбір баланың табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметті-психологиялық және педагогикалық жағдайлар құратын толық, жүйелі ұйымдастырылған қызмет.

Психологиялық-педагогикалық қолдау объектісі болып білім беру үдерісі (оқу-тәрбие үдерісі) табылады.

Қызмет пәні – бала қатынасының жүйесі ретінде бала дамуының жағдайы: әлеммен; айналасындағылармен (ересектер, құрбылар); өзімен өзі.

Психологиялық-педагогикалық қолдауды бірнеше аспектілермен қарастыруға болады:

балаға жеке білім беруде көмек пен қолдау көрсетуге қабілетті педагог-психологтың кәсіптік қызметі сияқты;

білім беру міндеттерін шешу кезінде балаға рухани дербес таңдау жасауға көмектесетін мақсатқа бағытталған педагогикалық әрекеттер кешенін құрайтын үдеріс сияқты;

жетекші мен жетеленушінің өзара іс-әрекеті сияқты;

оқушылардың оқу жетістіктерін қамтамасыз етуде педагог, психолог, және т.б. мамандар әрекетінің дәйекті кезеңдерінің қатарын құрайтын технология сияқты;

мақсатты, мазмұнды, үдерісті және нәтижелі элементтердің өзара қарым-қатынасын мінездейтін жүйе сияқты.

Қазіргі таңда Қазақстан мектептеріндегі ең бір өзекті мәселелерінің бірі-оқушылардың білім алуға деген құштарлығының төмендігі немесе оқуға деген мотивацияның жоқтығы. Оқушылардың оқуға деген мотивациясының жоқтығы көптеген себептермен түсіндіріледі. Соның ішінде: білім алуға деген жалқаулық, іш пыстырарлық мектептегі өмір, әлеуметтік –тұрмыстық жағдайы, ата-аналарымен және сыныптастар арасындағы түсінбеушілік т.б. Кейбір оқушылар

мектепте білім алуды өздері үшін емес ата-анасының нұсқауымен немесе өмірінің міндетті бір бөлігі ретінде қарайды .

Ата-аналар балаларының оқуға деген ынтасының жоқтығына қиналу үстінде, әр ұстаздың басына «оқушыларды білім алуға деген қызығушылығын қалай арттыруға, ынталандыруға болады?» - деген сұрақ туады. Бұл мәселенің шешімін оңай табады деп айтуға келмес. Оқушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын арттыру үшін бала психологиясын, баланың қоршаған ортасын жақсы білу керек деп ойлаймын.

Сонымен бізді мазалап отырған сұрақтардың бірі оқушылардың оқуға деген мотивациясының артуына не істеуге болады? Қарапайым мұғалім білім беру саласындағы көтеріліп жатқан осы өзекті мәселені өзгерту үшін не істей алады?

Мотивация мәселесі отандық және де шетел психологиясында ең негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Х. Хеккаузеннің «психологиялық зерттеу аймағында осы мотивация мәселесі сияқты кең әрі жан-жақты мәселе табылмас» деген. Бұл мәселені зерттеп, сырын ашуға адамзат баласының көптеген ғалымдарын толғандырған. Оның бірі америкалық психолог Бенджамин Блум. Осы жерде Блум таксономиясының білім игеруге бағытталған 6 қадамын (білу, түсіну, қолдану, жинақтау, талдау, бағалау) атап өтсек болады.

Таксономия (грек тілінен аударғанда орналасу, құрылыс, тәртіп және заң) деген мағына береді. Таксономия – олардың белгілі бір құрылымдағы бірізділігін құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу.

Алдымен оқушыны оқуға талпындыру үшін білім алуына қолайлы жағдай жасау. Оқушылардың оқуға деген мотивациясының жоғарлауына сыныптағы көңіл күйдің жақсы болуы көп әсер ететіні айтпасада түсінікті. Біз әр балаға сабақ беру барысында жеке тұлға ретінде қарап оның ойын, пікірін ескеріп сабақ өткізсек оқушы да өзінің білім алуға деген көзқарасын өзгертері сөзсіз.

Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, өз практикасында қолданған әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, меңгереді, тәжірибеде қолданады, оны дамытып нәтижесін тексереді. Сабақта қолданған әр жаңа инновациялық әдіс-тәсіл сабақ беру барысына тың жаңалық әкеліп оқушылар бойына қызығушылық пен құлшыныстың әкелетіні рас. Оқушыны білім алуда өз алдына мақсат қойып сол мақсатқа жету үшін не істеу керек екенін, қандай жолдары бар екенін түсіндіру керек. Оқушыларға дайын күйдегі білімді бермей керісінше, олар оқу барысында бақылаулар, қарапайым зерттеулер арқылы нәтижеге келулері керек. Өтіліп жатқан тақырыптағы заңдылықтарды, байланыстарды сезінуге, қорытындылауға үйрету. Мұғалім осы күрделі жұмысқа басшылық жасап қана отырады.

Сонымен қатар, педагогтерге оқушының психологиялық жас ерекшелігін терең біліп, оқыту мен тәрбие үдерісін жүзеге асыруда басшылыққа алуы маңызды. Жеке-тұлғалық қасиеттеріне оқушының темперамент типі, қабілеті, мінез-құлқы және өзіндік санасы жатады. Темперамент типтері мен мінез-құлық ерекшеліктері, экстроверт пен интроверт оқушылардың өз-өздерін реттеуде, өз-өздерін бағалауда, оқуға ішкі және сыртқы мотивацияны оятуда ерекшеліктеріне қарай педагог қарым-қатынас стилін айқындап, қолдау, бағыт-бағдар беру мөлшерін қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асыру шарт. Оқушы қабілетін, оның арнайы және жалпы көріну кеңдігіне қарай оқыту-тәрбие үдерісінде дамыту үшін кеңейтілген тапсырмалар, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, Блум таксономиясына негізделген деңгейлік тапсырмалар мен деңгейлік сұрақтар және т.б. енгізу арқылы дамытуға болады. Бүгінде педагогтерге оқушының психологиялық жас ерекшелігін терең біліп, оқыту мен тәрбие үдерісін жүзеге асыруда басшылыққа алуы маңызды. Жеке-тұлғалық қасиеттеріне оқушының темперамент типі, қабілеті, мінез-құлқы және өзіндік санасы жатады. Темперамент типтері мен мінез-құлық ерекшеліктері, экстроверт пен интроверт оқушылардың өз-өздерін реттеуде, өз-өздерін бағалауда, оқуға ішкі және сыртқы мотивацияны оятуда ерекшеліктеріне қарай педагог қарым-қатынас стилін айқындап, қолдау, бағыт-бағдар беру мөлшерін қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асыру шарт. Оқушы қабілетін, оның арнайы және жалпы көріну кеңдігіне қарай оқыту-тәрбие үдерісінде дамыту үшін кеңейтілген тапсырмалар, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, Блум таксономиясына негізделген деңгейлік тапсырмалар мен деңгейлік сұрақтар және т.б. енгізу арқылы дамытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мұғалімге арналған нұсқаулық», «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016ж.
2. Г.К. Абдулина Отан сүйгіштікті тәрбиелеу – біздің қоғамымыздың табысының негізі / Г.К. Абдулина //Мектеп оқушысын тәрбиелеу - Оқушы тәрбиесі.- 2014.- №3.- 1618б.
3. А.М. Сидоркин мұғалімдерді дайындауда қоғамдық-педагогикалық практика //Психологиялық ғылым және білім. – 2014. - №3. – 74-78б.
4. Rogers, Carl R. Freedom to Learn for the 80s [Свобода учиться для 80-х]. Columbus, Ohio: Charles E. Merrill Publishing Company, 1983.

СЪВРЕМЕННИТЕ ИНФОРМАЦИОННИ ТЕХНОЛОГИИ

Софтуер

Батырбеков Мейрбек Жандарбекович

Түркістан облысы, Шардара ауданы, Сүткент ауылы,

Т. Тәжібаев атындағы жалпы білім беретін мектеп,

Информатика мұғалімі, Қазақстан

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Қазіргі кезеңде дербес компьютердің ғылымда, техникада, экономикада тіпті өндірістің кез келген саласында кеңінен қолданыла бастауымен оның маңызы туралы айтып, ешкімді таң қалдыра алмайсың. Елімізде қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы да компьютерлік технологияны жаппай пайдаланумен сипатталады.

Информатиканы оқытудың **негізгі мақсаты** — оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік қасиетін қалыптастырып, оларды белсенді, әрі толыққанды өмірге және ақпараттық қоғам ортасындағы жұмысқа дайындау болып табылады.

Информатика пәнін оқытуда мұғалім балалардың ой – өрісі мен танымдық қабілеттерін дамыту, өз ойын жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жаңа технологияларды кеңінен қолданған дұрыс.

Еліміздің - жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру әр ұстаздан шығармашылықпен жұмыс істеуді, үлкен ізденісті талап етеді. Оқушының жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі таңдағы негізгі мәселенің бірі. Оның себебі оқушы өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетінше алған білімдерін тәжірибеде, өмірде пайдалануды үйренбеген. Сол үшін де оқушының өзіне сенімін арттыру, шығармашылығын дамыту мақсатында мұғалімнің әр сабағы әр түрлі, жан-жақты болуы керек.

Сабақ мазмұнының теориялық-практикалық құндылықтары жоғары болған сайын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу өте тиімді жүргізіледі. Мұғалімнің әр сабағы оқушының сезіміне, ынтасына әсер етуі керек. Ол үшін сабақ құрылымы көп түрлі оқыту әдістерімен, мұғалімнің дайындығы, ізденісі жоғары деңгейде болуы керек. Оқушыларға білім негізін меңгертудің әдіс- тәсілдері сан- алуан. Оны таңдап алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру-мұғалімнің өз еңбегін ұтымды ұйымдастыра отырып, жаңа сабақ үлгілерімен оқушыларды зерттеушілікке баулу, оқушыларға сұрақ қою, эксперименттік тапсырмаларды шешу, танымдық ойындар ұйымдастыру арқылы іске асады.

Осыған байланысты іс-тәжірибемде мынадай қағидаларға сүйенемін:

- оқушыларға сапалы білім бере отырып, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету;
- оқушылармен жекелей, жұптық, топтық жұмыстар жүргізу;
- оқушының компьютерлік сауаттылығын жетілдіру;
- оқушылардың шығармашылық ой-өрісін дамыту.

Жалпы сабақта оқушылардың шығармашылық блсенділігін арттыратын ойын элементтерін пайдалану өте тиімді. Интеллектуалды ойын элементтерін информатика пәнінде қолдану арқылы қазіргі заман талабына сай ақпараттық мәдениеттілік пен компьютерлік сауаттылықты жылдам дамыта отырып педагогикалық-психологиялық әдістемелік бастапқы дайындықты қалыптастырмайынша оқушылар өз білім деңгейін көтере алмайды. Әлемдік жаһандану мен ақпаратандыру дәуірінде оқушының жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, сонымен қатар оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім қабылдауына қажет жаңа ақпараттық технологияларды таңдап алу және оны қолдану .

«Сабақ – мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің айнасы», - деп көрегендікпен әйгілі ағартушы А. Сухомлинский тұжырымдаған болатын. Сондықтан сабақ беру дегеніміз –әр түрлі педагогикалық тәсілдер жиыны, тұрақты шығармашылық ізденіс деп ойлаймын. Әрбір мұғалім өз жұмыс тәсілі

мен формасын, өз педагогикалық технологиясын таңдай отырып, балалардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеуі керек. Оқытудың жаңа технологияларының барлығы оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, ондағы қолданылатын әдіс-тәсілдер мен құралдардың жиынтығы. Сонымен қатар, оқытушының оқыту барысында қажетті ақпараттық, техникалық құралдарды пайдаланып, оқушының терең білім алуына жағдай жасайды. Теориялық білімді тексеру үшін сұрақ-жауап, жазбаша бақылау, тестілеу арқылы, ал практикалық білім-білік дағдыларын жаттығулар мен практикалық тапсырмалар арқылы анықтауға болады. Информатика пәнін оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау үшін осы дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар бақылаудың дәстүрден тыс түрлері жобалар мен әртүрлі таным көкжиегін кеңейтетін ойын технологияларын қолдануға болады.

Пән бойынша материалды түсінгенін тексеру, бекіту кезеңінде, сонымен қатар жаңа ұғымдарды үйрету барысында пайдалануға тиімді ойындардан мысал келтірсек:

«**Білім биржасы**» іскерлік ойыны негізінде деңгейлеп оқыту технологиясы жатыр. Ойын барысы төмендегідей: Activstudio немесе Power Point бағдарламасында «5», «4», «3» сандары жазылған батырма жазылады да, оқушылар өз білім деңгейі мен мүмкіншіліктерін ескере отырып, сәйкес бағасы жазылған сұрақтарға жауап береді. Жауаптар «акциялармен» бағаланады. Жауаптың толық әрі анықтығына қарай «оқушы-акционер» түрлі-түсті акция қағаздарын алады. Мысалы, толық емес жауап –сары, ал дұрыс, бірақ толық емес жауап –қызыл акциямен, дұрыс әрі нақты жауап –жасыл акциялармен белгіленеді. Акциялар өз құны бойынша бағаланып отырады.

Әрбір мұғалім өз жұмыс тәсілдері мен формасын, өз педагогикалық технологиясын таңдай отырып, балалардың білімін жетілдіру бағытында еңбек етуі керек. Информатика пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы өте зор. Сондықтан, ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

CONTENTS

БИОЛОГИЧНИ НАУКИ

Микробиология

Қуандықова Г.Т, Құлынбай А.Б., Кенесова Ә. ЦИСТАНХЕ ӨСІМДІГІНІҢ ЖЕР ҮСТІ ЖӘНЕ ЖЕР АСТЫ БӨЛІКТЕРІНІҢ МАКРО- ЖӘНЕ МИКРОЭЛЕМЕНТТІК ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУ	3
Қуандықова Г.Т, Кеңесова Ә.Н., Манапбай М.К. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЗАЙСАН АУДАНЫНДА ҚЫРҒАУЫЛ ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫН ЗЕРТТЕУ	8
Қуандықова Г.Т, Манапбай М.К., Кенесова Ә. CANNABIS L. ТУЫСЫНА ЖАТАТЫН ҚАРАСОРАНЫҢ ТҮРЛІ ДАМУ САТЫСЫНДАҒЫ КАННАБИНОИДТАРДЫҢ ЖИНАЛУ МӨЛШЕРІН ЗЕРТТЕУ	14

ИКОНОМИКИ

Икономиката на предприятието

Тураров Д.Р., Салимбаев Н.Н. ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ФИНАНСОВОГО ПРОГНОЗИРОВАНИЯ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА КАЗАХСТАНА	20
---	----

Регионална икономика

Мусрепов С.Б. АНАЛИЗ ДИНАМИКИ РАЗВИТИЯ ЧИСЛЕННОСТИ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	32
---	----

Маркетинг и управление

Киясов Е.А. ОБЗОР НОРМАТИВНОЙ БАЗЫ, РЕГЛАМЕНТИРУЮЩЕЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЛАБОРАТОРНОЙ СЛУЖБЫ В СИСТЕМЕ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО НАДЗОРА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН (КОДЕКС РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ЗДОРОВЬЕ НАРОДА И СИСТЕМЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ» И ЗАКОН В СФЕРЕ САНИТАРНО-ЭПИД.....	50
---	----

Счетоводство и аудит

Жаздыкбаева Д.П. МОДЕЛИ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН.	56
Хасенова К.Е., Базылханова А. ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБІ	61

Икономика на индустрията

Кадыркул Н.И. СТРАТЕГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЗАКУПОК ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОЙ ПРОДУКЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	64
---	----

ФИЗИЧЕСКАТА КУЛТУРА И СПОРТА

Физическа култура и спорт: проблеми, изследвания, оферти

Ершатов К.Б.,Абилхаиров О.Е.,Расулов С.М. СПОРТ В ЖИЗНИ СТУДЕНТОВ

..... 72

ПЕДАГОГИЧЕСКИ НАУКИ

Тайтелиев С. Х. ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО

ЯЗЫКА.....75

МЕДИЦИНА

Здравна организация

Жагипарова Ж.А., Ерболатова М.Б. ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ И
ОСОБЕННОСТИ РАЗРАБОТКИ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПЛАНИРОВАНИЯ ЧАСТНЫХ

МЕДИЦИНСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ78

Клинична медицина

Бухмін О.В., Демченко С.М., Кривошей Г.В., Россіхін В.В. ЗАСТОСУВАННЯ
РІЗНИХ ДОЗУВАНЬ МІНЕРАЛЬНОЇ ВОДИ «БЕРЕЗІВСЬКА» У КОМПЛЕКСНОМУ
ЛІКУВАННІ НА КУРОРТІ «БЕРЕЗІВСЬКІ МІНЕРАЛЬНІ ВОДИ» ХВОРИХ НА

УРОЛІТІАЗ З ЗБЕРЕЖЕНОЮ ФУНКЦІЄЮ НИРОК83

МУЗИКА И ЖИВОТ

Музика: учене и преподаване

Үмбетова Г.Г., Құлекенова С.Ж. БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ

БЕРУДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ87

ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Проблеми на обучението на специалисти

Ашимханова Ф.М. АРНАЙЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМДЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН
БОСТАНДЫҚТАРЫН ШЕКТЕУ: ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТӘСІЛДЕР91

Жумашева А.Ш., Аукенова А.Е. ОСОБЕННОСТИ АНГЛОЯЗЫЧНОГО ДИСКУРСА
СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ И ЕГО ВОЗДЕЙСТВИЯ НА МАССОВОГО АДРЕСАТА(НА
БАЗЕ СОВРЕМЕННЫХ ИНФЛЮЕНСЕРОВ)96

Айткулова Э. А. РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ЧЕРЕЗ
ВОСПИТАНИЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ 105

Дүйсекова М. ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН
ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ КОРРЕКЦИЯЛАУ 109

Ермекбаева Ж.О. БУДУЩЕЕ И НАСТОЯЩЕЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ 112

Методически основи на учебния процес

Бельгибаева Г.К., Манашева Н.А., Ахметова Р. М., Биртаева Г. С.
АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАДАҚТАУ МЕН ЖАЗАЛАУДЫҢ РӨЛІ..... 116

Кумпеева Н. В. ВЕБ-КВЕСТЫ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ
КОМПЕТЕНЦИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ 122

Акбалин Р.Н. ИСТОРИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
ПОДГОТОВКИ СЕРЖАНТОВ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН 127

Боброва Н. Ю. РАБОТА С ОДАРЕННЫМИ ДЕТЬМИ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ . 132

Жаксылыкова Н.Е., Кенбаева Г.К., Аманбаева Э.А. СТИЛЬ
ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ПЕДАГОГА В КОНФЛИКТЕ С ОБУЧАЮЩИМИСЯ 135

Съвременните методи на преподаване

Дауленбаева Ш.А. БІЛІМ БӘСЕКЕСІНЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ 139

Ағзамова М., Көкшеева З.Т., ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ 141

Ниязмағамбетова Б.Қ., Ерімбетова И.С. АДАМГЕРШІЛІК АДАМ БОЙЫНДАҒЫ
ЕҢ ҚҰНДЫ ҚАСИЕТ: Б.СОҚПАҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК
МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІМЕН ҮНДЕСТІГІ 145

Пулиновская О. А. РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У МЛАДШИХ
ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ИГРЫ И ЗАДАЧИ 149

ПСИХОЛОГИЯ И СОЦИОЛОГИЯ

Обща психология

Назханова Л.К. ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
..... 153

СЪВРЕМЕННИТЕ ИНФОРМАЦИОННИ ТЕХНОЛОГИИ

Софтуер

Батырбеков М.Ж. ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН

ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ 159

CONTENTS.....163

304255

304256

304257

304221

304059

304299

303763

304242

304226

304241

304217

304094

304306

304244

301467

304165

304216

304297

304305

304211

304213

304214

304215

304268

303685

304159

304245

304247

304224

304249